

«8D02314 – Лингвистика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы  
(PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Исмаилова Фариза Кеңегалиқызының  
«Дипломатиялық дискурстың коммуникативті-прагматикалық аспектісі»  
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына  
**ЖАЗБАША ШҚІР**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>«Дипломатиялық дискурстың коммуникативті-прагматикалық аспектісі» тақырыбында орындалған диссертация төмендегідей мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес дайындалған:</p> <p>1) Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысы);</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <b>қосады</b> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <b>ашылған</b> /ашылмаған.	<p>Диссертациялық жұмыс ғылымға үлес қосады:</p> <p>1) Қолданысқа енген төл дипломатиялық терминді толықтырған. Мысалы: <i>тежеуіл (мораторий), текетірес (конфронтация), сес шешім (санкция), ресми мәлімдеме (коммунике), ресми бекім (ратификация), межелеу (делimitация), қарымта (реторсия), жадығат (меморандум), жазбаша мәлімдеу (нотификация).</i></p> <p>2) Ауызша ресми дискурс талданған. Тіл білімінде әдетте жазбаша ресми ісқағаздар, құжаттарды зерттеудің әдіснамасы қалыптасқан. Ал ауызша ресми дискурсты зерттеу жіті қарастыруды қажет ететін. Осы жұмыста ресми келіссөздер мен дипломатиялық кездесу диалогтеріне лингвистикалық және коммуникативті талдау жасалған. Ауызша ресми сөйленістің тілдік ерекшелігі коммуникативті-прагматикалық аспектіде ғана айқын анықталатынын дәлелдеген. Ол үшін екі тарап арасындағы актіде таңдалған тактиканы зерттеу маңыздылығын түсіндіре отырып, дипломатиялық дискурста <i>референция (тікелей атамау) тактикасы, литоталы ымыраласу тактикасы, мақтанлы тактикасы, эфемистік тактика, бағалау тактикасы</i> белсенді екенін көрсеткен.</p>



			<p>3) Дипломатиялық стандартты үлгісі ұсынылған:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Екі тарапқа ортақ мәселе</li> <li>- Екі тараптың аялық білімінің сәйкестігі (диалог кезіндегі тактикасы, шешендігі)</li> <li>- Психологиялық-эмоционалды күй (ым- ишара (жест, мимика), қобалжу, арқа қосу, сабырлы болу, масаттану, т.б.)</li> <li>- Ым-ишаралар (дене, қол, бет қимылдары)</li> <li>- Сөйлеу әдебі (дауыс ыргағы, кәсіби сөйлеу стилі)</li> <li>- Жүріс-тұрыс әдебі (келу/кету, сәлемдесу, отыру, қоштасу, киім әдебі)</li> <li>- Қарым-қатынас әдебі (тілдескіш қасиетін көрсету, көпшілік назарына түсу, оң көзқарас қалдыру).</li> </ul> <p>Бұл стандарт өзге дискурста талап етілмейді. Дипломатиялық дискурста аталған стандарттың әрқайсысының коммуникативті мағынасы бар екенін, сөздегі кемшіліктен тыс, бейтілдік немесе этикет кемшілігінің өзі сәтсіздиалогке әкелетінін мысалмен дәлелдеген.</p> <p>4)Қазақстанда дипломаттар даярлайтын халықаралық қатынастар мамандығының студенттеріне кәсіби біліктілігін байқау мақсатында эксперимент жүргізген. Сауалнама алынған. Болашақ дипломаттардың 63% кәсіби сауатты деген қорытынды жасалған.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>жоғары;</b></li> <li>2) орташа;</li> <li>3) төмен;</li> <li>4) өзі жазбаған</li> </ol>	<p>Диссертанттың өзі жазу деңгейі <b>жоғары</b>. Себебі жұмыстың құрылымы талапқа толық сәйкес келеді, академиялық жазуды меңгергені байқалады. Жұмыстың мазмұны құрылымына сай, тақырыптан ауытқымайды. Сондай-ақ жұмыстың жоспары жүйелі құрастырылған. Алдымен дипломатиялық тілге тән зерттеулер, одан кейін дипломатиялық дискурске тән ерекшеліктер анықталған. Сондай кейін онғың коммуникативті-прагматикалық мүмкіндіктері зерттелген. Диссертанттың ғылыми ойы нақты әрі дәлелді. Зерттеушінің ғылыми стилі қалыптасқан.Жарияланымдары диссертация мазмұнына сәйкес келеді.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>негізделген;</b></li> <li>2) жартылай негізделген;</li> <li>3) негізделмеген.</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толығымен негізделген.</p> <p><i>Біріншіден</i>, қазақтың дипломатиялық дискурсын тарихи-хронологиялық жүйемен зерттеу арқылы төл дипломатиялық сөздік қорды анықтау қазақ қоғамы үшін өзекті. Нәтижесінде қазіргі қазақ дипломатиясындағы «толеранттылық» сонау заманнан келе жатқан дәстүрлі құндылық екенін дәлелдеген. Екі тарап келісіміндегі ымырашылдық, төзімділік, компромиске бару, сабырлылық – қазақ ұлтының мінезімен келгенін дәйектеген.</p> <p><i>Екіншіден</i>, қазақ дипломатиясының өзге мемлекеттер секілді форматын өзгерту, жетілдіру жұмыстары қажет екені өзекті. Осы мәселеге қатысты қоғамдық дипломатия мен цифрлық дипломатия сөйленісінде болатын ерекшеліктер мен айырым белгілері ұсынылған. Қазақ дипломатиясы әлемдік даму прогресінен қалыс қалмайтыны әзірше таяу және алыс шетел елшіліктерінің фейсбук парақшасына тіркелгенімен дәлелденеді. Яғни дүниежүзі бойынша елшілердің әлеуметтік желіде саяси мәселелерді емес көбінесе мәдениетаралық алмасу, бірлескен іс-шаралар ұйымдастырудағы белсендігі,</p>



		<p>интернеттегі келіссөздері мен келісімдері зерттелген.</p> <p><i>Үшіншіден,</i> дипломатиялық диалогте болатын бейвербалды амалдардың коммуникативтік мағынасын анықтау аса өзекті. Себебі кез келген жест немесе мимиканың түсінбеу немесе дұрыс жасамау елшілер мен мәмілегерлердің дипломатиялық сауаттылығының деңгейін көрсетеді. Әрбір елшілінің сөйлеген сөзі мен әдебі (этикасы) мемлекеттің айнасы іспетті ретінде талдаған.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <p>1) <b>айқындайды;</b></p> <p>2) жартылай айқындайды;</p> <p>3) айқындамайды</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын <b>толық айқындайды</b>. Тақырыптың мазмұнын толық ашу үшін жұмыс үш тарауға бөлінген. Бірінші тарауда дипломатия тілі құрылымдық лингвистика әдістерімен зерттелген. Екінші тарауда дипломатиялық дискурсты институционалды дискурстың құрамдас бөлігі ретінде зерттеген. Үшінші тарауда дипломатиялық сөйленістің прагматикасын анықтаған. Зерттеу жұмысының 3 тарауы өзара ішкі бірлікті сақтаған.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) <b>сәйкес келеді;</b></p> <p>2) жартылай сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді</p>	<p>Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыбына толығымен сәйкес келеді. Жұмыстың мақсаты айқын, оған қол жеткізуге бағытталған міндеттер де жүйелі. Міндеттер «қарапайымнан күрделіге» қарай принципіне негізделген. Алдымен дипломатиялық тілдің лексикалық және терминдік қабатындағы өзгерістер мен толықтыруларды анықтауды міндеттеген. Одан кейін ауызша дипломатиялық дискурстағы сәтті/сәтсіз коммуникацияны зерттеуді міндет еткен, содан соң дипломатиялық дискурстың прагматикасын ашуды міндеттеген. Іздену барысында диссертант қойылған мақсат-міндеттерге толық қол жеткізген. Әрбір міндеттің нәтижесі ғылыми тұжырымнан, ғылыми жаңалығынан айқын көрінеді.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <p>1) <b>толық байланысқан;</b></p> <p>2) жартылай байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық тұрғыдан өзара <b>толық байланысқан</b>.</p> <p>Диссертация жоспарындағы тараушалар реттілігі бірінен кейін бірі анықталатын тізбекті-сатылы жүйемен құрастырылған. Алдымен дипломатиялық тілдік қор зерттелген. Содан кейін дипломатиялық тілдің коммуникативті аспектісі қарастырылған. Онсыз дипломатиялық сөйленістің прагматикалық мазмұнын зерттеу қиын болатынын білген. Сондықтан үшінші тарауға прагматикалық аспектіде зерттеу міндеттерін қойған.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) <b>сыни талдау бар;</b></p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>1-ші жаңа шешім - Абылай ханның дипломатиялық ресми хаттардағы прагматика ілтипат қаратпалар мен дінге табынушылық басым екенін дәлелдеуі. Мысалы: <i>Тәңірінің жарылқауымен заман билеушісі жоғарғы мәртебелі Богда иеме баяндаймын. Иемнің жарылқауымен жайылымды болдық. Бұлда тәңірдің берген сыйы.</i></p> <p>2-ші жаңа шешім –дипломатия дискурсындағы «араағайындық» ұғымының өміршеңдігін дәлелдеуі. Қазақтың көне дипломатия тарихында қолданыста болған «араағайындық» мағынасын өзгертпестен қазіргі кәсіби дипломатияда да қолданылатыны нақты аргументтермен дәлелденген. Бұрынғы мәмілегерлік қатынаста «араағайындықтың» тілдік репрезентациясы- «<i>абысынай</i>», «<i>кеңесшай</i>», «<i>жөнге салу</i>», «<i>жүгініс</i>»,</p>



			<p>«ала жіпті кесу», «ақсақалдар кеңесі», «ат мінгізіп, шапан жабу», «ауыл ағасы», «қосағасы», «төрелік айту», «жарқын құн», «салауат шақыру» болған. Қазіргі дипломатиядағы арағайындық – бейбіт жолмен өзара жанжалды басуға ықпал ету, бітімге шақыру.</p> <p>3-ші жаңа шешім – дипломатиялық дискурстың прагматикасын анықтауда – Қ.Тоқаевтың 8 дипломатиялық шеберлігін танытуы. Бүгінгі күнге дейін Қ.Тоқаевтың дипломатиялық қызметі зерттелгенмен, дипломатиялық тілі мен шешендігі зерттелген емес.</p> <p>4-ші жаңа шешім – дипломатиялық дискурстың ерекшелігі анықталған. Дипломатиялық дискурстың стратегиясы мен тактикасы бірнеше типтерге ажыратылған. Мәселен театрландыру, жоғарылату, төмендету стратегиялары ортақ мүддені емес, жеке мүддені жүзеге асыруда қолданылатынын және стратегиялар белсенді екенін дәлелдеген.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <b>толығымен жаңа;</b></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <b>толығымен жаңа;</b></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары <b>толығымен жаңа.</b></p> <p>1) Дипломатиялық дискурс тезаурусы құрастырылғаны жаңа. Тілімізде дипломатиялық терминдер сөздігі бар, бірақ дипломатиялық сөзқолданыстағы барлық бірлікті қамтитын тезаурустық сөздік жаңа. Бұл сөздікке ілтипат клишелері, сөз алды, сөз соңы клишелері, ұран сөздер мен нақыт сөздер, мақал-мәтелдер, стандарт сөзқолданыстар, терминдер енген.</p> <p>2) дипломатиялық дискурсты құрайтын бірліктерді анықтауы жаңа. Бұрын соңды дискурс құрамы вербалды және бейвербалды бірліктермен шектелетін. Ал дипломатиялық дискурстағы әрбір этикеттің сақталу/сақталмауы, бейтілдік амалдардың мағынасы екі тараптың коммуникациясына ықпал ететін мазмұнды таңбалар екенін дәлелдеген.</p> <p>3) саяси дипломатия мен халықтық дипломатияның айырмашылықтарын, цифрлық дипломатия мен қоғамдық дипломатиялық айырым белгілерін көрсету жаңалығы жартылай жаңа. Себебі шетелдік зерттеулерде анықталған, тек қазақ дипломатиялық дискурсындағы зерттелуі жаңа.</p> <p>4) арағайындыққа қатысты зерттеулер мен тұжырымдар жаңа. Бұл ұғымға арнайы тоқталып, қазақтың төл дипломатиялық концептісі ретінде тануға мүмкіндік жасаған.</p> <p>5) дипломаттардың кәсіби сауаттылығын анықтауға бағытталған сауалнама үлгісі мен сұрақтары да жаңа.</p> <p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>1) Дипломатиялық тілді ресми және публицистикалық стильді қатар ұстанатын, төл және кірме терминдік қоры бар, стандартты және риторикалық заңдылық бойынша пара-пар қызмет атқаратын жүйе деп таныстыруы жаңа.</p> <p>2) Қ.Тоқаевтың нақыл сөздерінде татулық, бірлік, ынтымақ, құндылық ұғымдары концептуалдан деген қорытындысы жаңа. Бұлай ешкім талдаған емес.</p> <p>3) Қазақ дипломатиясының тілі – үстем тіл емес, керісінше толерантты тіл деп қорытындылауы жаңа. Әдетте ұлттық мінезді толерантты деп сипаттаймыз. Демек тілді деп толерантты деп қабылдауға дәйекті</p>



			<p>дәлелдемелер ұсынды.</p> <p>4) «Дискурс дегеніміз – прагматикалық мүддені жүзеге асыру мақсатында коммуникациялық қызметті атқаратын тілдесу әрекеттерінің жиынтығы» деген қорытындысы жаңа. Себебі дискурста міндетті түрде прагматика мен коммуникация болуы заңды екені дәлелденген.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <b>толығымен жаңа</b>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген. Sozdikqorgсайтындағы терминдер сөздігін толықтыруға септігін тигізеді.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген</b>/негізделмеген</p>	<p>Барлық қорытындылар, негізгі пайымдаулар мен тұжырымдар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген.</p> <p><i>Біріншіден</i>, ресми мемлекеттік сайттардағы бейнежазбалар мен аудиожазбаларға лингвистикалық-коммуникативті талдау жасаған. Сұхбаттар мен келіссөздер тіліне зерттеу жасаған.</p> <p><i>Екіншіден</i>, белгілі дипломаттар С.Батыршаұлы мен Қ.Тоқаевтің халықаралық дипломатиялық қатынастарындағы сөйленістері дереккөз ретінде қолданылған және жұмыстың ғылыми тұжырымын жасауға негіз де болған.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <b>дәлелденді</b>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <b>жоқ</b></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <b>ия</b>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <b>кең</b></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <b>ия</b>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Қорғауға ұсынылған қағидат дәлелденген. Себебі, дәлелдеуші мысалдар мен дәйекті деректері айқын.</p> <p>Қорғауға ұсынылған қағидат тривиалды емес, себебі жаңаша зерттеу бағыты таңдалған.</p> <p>Тілдік фактілер жеткілікті дәлелденген.</p> <p>Қорғауға ұсынылған қағидат жаңа, себебі бұрын соңды зерттелмеген төл дипломатиялық дискурстың құрылымы анықталған.</p> <p>Қорғауға ұсынылған қағидаттың қолданылу аясы кең, себебі, дипломатиялық дискурс ұғымы дискурс теориясы, коммуникативті-прагматикалық әдістер аясында зерттеліп отыр.</p> <p>Қорғауға ұсынылған қағидаттар I Скопус, 3 ККСОН, 1 халықаралық ғылыми конференцияда жарияланған мақалаларда насихатталған.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) <b>ия</b>;</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың әдістемесін таңдау сапалы негізделген, қолданылған зерттеу әдістері диссертациялық жұмыстың сәйкес тарауында нақты сипатталған</p> <p style="text-align: right;">Зерттеу жұмысында</p>



	ақпараттың дәйектілігі	2) жоқ	деректерді сұрыптау, сипаттау, коммуникативті, прагматикалық, интерпретация жасау әдістері қолданылған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар тілдік деректермен, атап айтқанда, фразеологиялық тіркестер, мақал-мәтелдер т.б. дәлелденген және расталған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған</b> / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Диссертацияда ғылыми еңбектер теориялық негіздемесін растау үшін алынса, дәйекті деректерді растау үшін лексикографиялық дереккөздерден көптеген мысалдар алынған және олар сілтемемен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <b>жеткілікті</b> /жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <b>жеткілікті</b> . Диссертациялық жұмыста пайдаланылған әдебиеттің жалпы саны –144. Жұмыста отандық және шетелдік авторлардың тақырыпқа қатысты еңбектері таңдалған.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері дискурс теориясын жетілдіруге, дипломатиялық тілдік қорды кеңейтуге елеулі үлес қосады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыс барысында жасалған теориялық тұжырымдар мен пайымдауларды, нәтижелерді жоғары оқу орындарында дискурс теориясы пәні бойынша дәрістерде, семинар сабақтарында, сонымен қатар шетел тілдері мамандықтары бойынша, филология факультетінің студенттері, магистранттары, докторанттарына арналған оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеуде, сөздіктер құрастыруда пайдалануға болады.



		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылайжаңа (25-75% жаңаболыптабылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңаболыптабылады)	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Себебі, дипломатиялық дискурста қолданылатын клише, ұран сөз, нақыл сөз, тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер алғаш рет құрастырылып отыр. Диссертанттың зерттеу жұмысы өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, ғылыми жаңалығы, алынған нәтижелер мен практикалық маңыздылығы тұрғысынан философия докторы (PhD) дәрежесін алуға қойылатын талаптарға сәйкес келетін аяқталған ғылыми жұмыс болып саналады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде орындалған, ғылыми жұмыс диссертацияға қойылатын талаптарға сай жазылған. Нормативтік сілтемелер, белгілеулер мен анықтамалар талапқа сай жүйелі жасалған. Ф.К.Исмаилованың диссертациялық жұмысындағы барлық нәтижелер жаңа, өзекті, негізделген және өзара байланысты болып табылады. Себебі, дипломатиялық дискурс туралы ой-тұжырымдардан туындаған ғылыми зерттеу дипломатиялық дискурс құрылымы мен мазмұнын нақтылауға негіз болды.

Ресми рецензент төмендегі шешімді қабылдады:

- 1) **философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша қорғауға жіберуде дайын жұмыс деп санаймын.**
- 2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);
- 3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту.

Исмаилова Фариза Кенжеғалиқызының «8D02314 – Лингвистика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Дипломатиялық дискурстың коммуникативті-прагматикалық аспектісі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына оң пікірімді бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Рецензент:

А.Байтұрсынұлы атындағы

Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері,

ҚРҰҒА академигі,

филология ғылымдарының докторы, профессор



*З.М.*

Базарбаева З.М.

